

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 922 қаулысына өзгерістер енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 қыркүйектегі N 1091 қаулысының күші жойылған деп тану туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 3 ақпан N 73. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.02.19. N 120 қаулысымен. ~P980120

Бірыңғай мемлекеттік баға саясатын жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының акцияларын сату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 922 P970922_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамына берілген 1996 жылғы 5 қарашадағы N 000001 Лицензия мен 1997 жылғы 21 мамырдағы оған Қосымшаға тиісті өзгеріс енгізілсін".

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазтелеком" ашық акционерлік қоғамының тарифтерін Қазақстан

Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің келісімі бойынша, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті белгілейді деп белгіленсін".

2. "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 қыркүйектегі N 1091 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

